

**Таубай Сактағанұлы**

*Анпакұ нұрла*

*ак әлем*

*Анпак өзің күркіншілік ақы әлем*

**Таубай Сактағанұлы**

*Шаубай Сактатанұлы*

*Байтұмараті*



Наяубай  
Сактаханулы  
Байтұшамегі



**Таубай Сақтағанұлы**

**АППАҚ НҰРЛЫ**

**АҚ ӘЛЕМ**

**Өлеңдер жинағы**

**«КАМ-Медиапринт» баспасы  
Астана-2009**

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

C17

**C17 Таубай Сақтағанұлы**

Аппақ нұрлы ақ әлем. Өлеңдер.

Астана: «КАМ-Медиапринт» баспасы, 2009-256 бет

ISBN 978-601-06-0114-7

Ақынның бұл тұнғыш кітабына әр жылдары жазылған таңдаулы өлеңдері енгізілген. Кітаптың тақырып аясы кең. Ақын қай тақырыпты жазса да ой елегінен, сезім сұзгісінен өткізіп, бояуы қанық, оқырманың бейжай қалдырмайтын толғанысқа, терең иірімге толы ойлы өлеңдер жаза білген.

Ақын өзі еңбек ететін әлемге әйгілі Теніз мұнай кенішінде жырға арқау етіп, қыын өндіріс тақырыбын да игерген.

Сонымен бірге ақынның өз үнімен, жаңа стильдегі жазған салыстырмалы-құрастырмалы жырлары да «өзгеге ұқсамайтын ерекшеліктерімен айрықшаланады»-деп есептейміз.

C 4702250202  
00(05)-09

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-06-0114-7

«КАМ-Медиапринт» баспасы  
Астана-2009

*Бұл еңбегімді өмірден ерте кеткен  
Асқар таудай әкем -  
Байтумаұлы Сақтаған мен  
Асыл анам -  
Іздібайқызы Қанымайға  
арнаймын.*

## **1 бөлім**

# **АРМАН**

## **Азаматтық, әлеуметтік жырлар**

## **Әкеме**

Көнілімді көтеріп аспандатқан,  
Асқар тау ең шыңдарын ақ қар жапқан.  
Тек Өзіңнің арқанда адам болып,  
Еркін жүрдім ешкімнен жасқанбастан.

Көрмедім еш сен барда қындықты,  
Оң жағымнан жарқырап күнім шықты.  
Ақкөніл, пәк сезімді адал едім,  
Ойламаппын «бар ғой»-деп зұлымдықты.

Шалқып басып арқанда бұлғаңдадым,  
Кеудемдегі жайнады Иран бағым.  
Артқа тастап сен кеттің, мұңға баттым,  
Жанға батып жалғыздық, қиналғаным.

Тырысып өршіл рух, намысыма,  
Қарсы жүздім өмірдің ағысына.  
Арқа сүйер сен жоқсың, жалғыз түстім,  
Ұлан-ғайыр өмірдің жарысына.

Араладым аңы көп орман ішін,  
Болмады көмектесер қорғанышым.  
Алыстым арпалысып адамдардың,  
Жеңе алмай қасқыр, аю, жолбарысын.

Ұйқы келмей талай тұн төсегімде,  
Арқамды ауыр жүкке төседім де.  
Жаурадым, тоңазыдым дір-дір етіп,  
Тағдырдың қалып талай нөсерінде.

# Паудай Сактаганұлы

Жетімдік жас жанымды салып мұнға,  
Дәмін татып жоқтықтың, тарықтым да.  
Әзіммен бірге туған бауырым жоқ,  
Оңашада қапамен қамықтым да.

Көп қындық көргенмен, қайран әкем,  
Жүріпсің сенімменен алға бекем.  
Он бес бауырым көз жұмып ең соңында,  
Солардың көзі болып қалған екем!

Бұл тағдырдың темірдей заңы қатты,  
Қындықтың кімге де азы жақсы.  
Оңай маған болған жоқ алға жүру,  
Әзің берген шайқалтпай шаңырақты.

Түйін түйіп өмірдің сырларынан,  
Ақын болдым бойыма жыр дарыған.  
Әзің берген табиғи талантпенен,  
Бір күндері, әйтеуір, шыңға шығам.

Жер бетінде сен болсаң нық тұрар ем,  
Бет қаратпай бәрінде ықтырар ем.  
Төсін қағып менсінбей жүргендерге,  
Құдіретін әкенің ұқтырар ем.

Шуағыңа отырып сан жылдыңым,  
Сияқтысың, жан әке, алқызыл күн.  
Көрмей кеттің, әттең тек, арман еткен,  
Тапқан наның алғашқы жалғызыңың!!!

Атасың жаңыраңғы аңдары

## Анама

Талай тұндер бөленіп жаның мұнға,  
Сағындың ба, анажан, сағындың ба?  
Тағдырыңа мұң шағып оңашада,  
«Жалғызыма жар бол!»-деп жалындың ба?!

Атып болмас бұл қыстың әр таңында,  
Тыным бермей ой қажап шаршадың ба?  
Жанарыңды жалғыздық жабырқатып,  
«Бір көрсем-ау!»-деп мені аңсадың ба?

Мені көріп түсінде қуандың ба,  
Қанағат қып соған да жұбандың ба?  
Әлде мүмкін қамығып жас төктің бе,  
Шыдай алмай сол шақтан туар мұнға?

Көңіліңнің бұрауы босамасын,  
Алғы күннен жақсылық тос, анашым.  
Көркейтейік қосылып қара шалдың,  
Тастап кеткен біздерге босағасын.

Өмір жақсы көреді сынағанды,  
Бақыт күтер қынға шыдағанды.  
Ақ анашым, жырақта жай жүргем жоқ,  
Іздел жүрмін өзімдік сыбағамды!

## **Әкеге сағыныш**

Көп болды ғой жүргегің тоқтағалы,  
Көп болды ғой біз сені жоқтағалы.  
Аяулы, Әке, өзінді сағындық-ау,  
Мұнға толып көнілдің тостағаны.

Талай тұнде ұйықтамай елеңдедік,  
Деп ойладық: «Шіркін, бір көрер ме едік?!»  
Болмайтынын білсек те кейде тіпті,  
«Тіріліп мүмкін қазір келер!»-дедік.

Көрінуші ең, бір биік асқар таудай,  
Өте шықты-ау өмірің қас қаққандай.  
Тұсті-ау біздің еңсеміз, ұнжырғамыз,  
Өзің бар кездегідей асқақтамай.

Тірі кезде тыншымай дархан жаның,  
Өткен шығар ұйқысыз сан таңдарың.  
Тек Өзіңнің арқаңда жетілдік біз,  
Білім беріп, адам қып қамқорладың.

Көл-көсір ғып көз жасты тимағанмен,  
Түк шықпайды күнде жан қинағанмен.  
Басқа салса қайтеміз, көнеміз ғой,  
Қаншалықты сағынып қимағанмен.

Талқысына тағдырдың бағынамыз,  
Аруағыңа бас иіп табынамыз.  
Ардақты, Әке, ешқашан ұмытпаймыз,  
Біз Сені ғұмыр бойы сағынамыз!!!

## **Анаға тілек**

Көздеріңен күн нұры шашыраған,  
Әлемдегі ең маған жақын адам.  
Тәнірімдей сиынып, басымды ием,  
Маған өмір сыйлаған, асыл анам!

Аласұрған жер тарпып арғымақтай,  
Ашу кейде қысқанмен жан шыдатпай.  
Бұл ғұмырдан кетермін Сені сыйлап,  
Ешқашанда өзіне қарсы шықпай.

О, тағдырым, кем қылмай шаттығыңды,  
Жақын қылсын біздерге жақсы күнді.  
Жүрсем, ана, жер басып ұмытпастан,  
Тырысармын ақтауға ақ сүтінді.

Бұлт төнбесін тұнеріп аспанымнан,  
Болайықшы жанұя бақ дарыған.  
Мандайыңа мысқалдай мұн түспесін,  
Болсыншы, ана, көнілің шат-шадыман.

Анаң болса қасында шаршармысың,  
Сен қолдасаң еселеп артар күшім.  
Қауіп-қатер туғанда жан аямай,  
Қанатыңмен қорғайтын қамқоршысың.

Түсінетін өзіндей бала жаның,  
Асыл жанды қайдан мен таба аламын?!  
Жан-тәніммен өзінді жақсы көрем,  
Аман болшы аяулы, анажаным!!!

## **Аппақ ңұрлы ақ әлем**

Жұмсағанмен қанша күш,  
Шаршататын сан шабыс,  
Өмір деген-арпалыс,  
Қыындықпен тіресу,  
Тағдыр үшін күресу.  
Жанды жатқан бұйығып,  
Еліктіріп мың үміт,  
Шақырады құбылып,  
Қолын бұлғап алдымнан,  
Бояуы көз талдырған,  
Қызықты өмір, сан әлем.

Байлап бақыт, бағымды,  
Ұғыр қылған жанымды,  
Таптап кеткен арымды,  
Ескі әлемнен жеріндім,  
Шошып кейін шегіндім.  
Артқа мойын бұрмаймын,  
Дамыл тауып тұрмаймын,  
Болашақты жырлаймын,  
Мен іздеймін жап-жасыл,  
Өзгермейтін сан ғасыр,  
Жанға жайлыш-жаңа әлем.

*Аппақ ңұрлы ақ әлем*

## *Паудай Сактаганұлы*

Түннен кейін таң атар,  
Шырт ұйқымнан оятар,  
Алдымнан ақ жол ашар,  
Шарықтайтын шаттығым,  
Келер менің ақ күнім.  
Сауықтырар сананды,  
Болашағы баянды,  
Адамдары таза, арлы,  
Мен іздеймін арайлы,  
Күні әсем алаулы,  
Шұғылалы таң әлем.

Тапталмаған ар-намыс,  
Жемқоры жоқ жалмауыз,  
Жендеті жоқ қандыауыз,  
Лұпіл қағып жүрегім,  
Тыныш күнді тіледім.  
Сатылмаған ақшаға,  
Жаны мөлдір, тап-таза,  
Бұзылмаған жап-жаңа,  
Мен іздеймін ерінбей,  
Жаңа туған сәбидей,  
Еш кіршікіз пәк әлем.

Көрмеген еш зорлықты,  
Сезінбеген қорлықты,  
Әділетті, орнықты,  
Өмір берсін біздерге,  
Жан қиналып жүргенде.

Адамдары әндектен,  
Соғысы жоқ қан төккен,  
Әмірлері жаз, көктем,  
Мен іздеймін жайнаған,  
Бұлбұлдары сайраған,  
Шаттығы мол ән әлем.

Жан-тәніммен қызығар,  
Көніл кетіп шын ұнар,  
Тәнірімдей сыйынар,  
Тамаша өмір берсе екен,  
Тезірек бір келсе екен.  
Кемпірқосақ секілді,  
Бояуы көп не түрлі,  
Алатұғын есінді,  
Қашан маған кездесер,  
Жүргегімді тербетер,  
Сан бояулы сән әлем.

Асанқайғы бабамдай,  
Жерүйіғын таба алмай,  
Жоқ іздеген адамдай,  
Күндіз түні сабылдым.  
Артына еріп сағымның.  
Қайда екенін білмеймін,  
Үмітімді үзбеймін.  
Ғұмыр бойы іздеймін.  
Қозғалыссыз тұрмаспын,  
Табылғанша тынбаспын,  
Аппақ нұрлы ақ әлем!!!

## **Арман**

«Арманыма жетермін»-деп аңсаған,  
Сарғайумен сарпылып жүр қанша жан.  
Қан сорпа боп сағым қуып күн кешкен,  
Сол жандардың бірі менмін шаршаған.

Сол жандардың бірі менмін малтыққан,  
Құтыла алмай белден батқан балшықтан.  
Сол жандардай менде өмір тілеймін,  
Шалқып басып, молшылықпен бал жұтқан.

Бір белестен бір белеске жетсөң де,  
Не бір қыын асулардан өтсөңде.  
Қарсы алдыңнан тағы бір шың кезігер,  
Шыға алмайтын альпинист бол кетсөң де.

Мұзды мұхит мұздарындай тым қалың,  
Кеуде кернеп сыздатады мұндарым.  
Қашан бізге күн түседі көгертіп,  
Қашан ғана ерір екен мұздарым.

Білмеймін жүрмін не кездесер тағы алдан,  
Басым қатып, шашым ойдан ағарған.  
Бұл пәниден сапар шегіп кеткенше,  
Жеткізбейтін болар бізге ақ арман!!!

## **Арман-әлем**

Түнгі оттай алыстан жанған әрен,  
Жеткізбей-ақ келесің, арман-әлем.  
Талай жерді сені іздеп шарлаған ем,  
Өмірімді тек саған арнаған ем.  
Өзінді аңсап аласұрған,  
Көзімді ілмей таң асырған,  
Ойды көрсөң мендегі таңданар ең!!!

«Жолым болар ма екен?!»-деп осы менің,  
Тұлпарымды бәйгіге қосып едім.  
Бала күннен аңсатқан досым едің,  
Алғы күннен бір үміт тосып едім.  
Арманым-ай, сенсең егер,  
Найзағайдай өртеп өтер,  
Сезімімнің отынан шошыр едің!!!

Жетпей жатса бойымнан табандылық,  
Өзімді өзім қамшылап алам құліп.  
Көрсетпеспін пасықтық, арам қылық,  
Жетсем екен өзіңе аман жүріп.  
Қуана ма тер төкпеген,  
Саған жетем еңбекпенен,  
Өз жолында серігім-адалдылық!

*Арман құрметті ақынның*

## **Арақпенен алысып**

Алпамса арыстандай жігіт едің,  
Бір үйдің арқа сүйер үміті едің.  
Арықтап қу сүйегің қалыпты ғой,  
Жігіттердің ішінде іріңі едің.

Жеңуші едің тойларда күрескенде,  
Тауды да қозғалтар ең тірескенде.  
Ақ көңіл жігіт едің жанын салып,  
Нұрынды құятұғын жүректерге.

Жас жансың бастан тайқып бақ таймаған,  
Бетің қайтып тағдырдан жасқанбаған.  
Бұл күнде қолдан жасап қуанышты,  
Көтеріліп көнілің аспандаған.

Ұйықтамай алысумен таңды аттырып,  
Күнде ішесің тоқтамай жалғастырып.  
Өзіңе өзің бәлені тілеп алдың,  
Сау кезінді мастыққа алмастырып.

Арақпенен келесің арпалысып,  
Көрген жоқсың аз-аздан тарта ішіп.  
Рюмканда бір тамшы қалдырмastaн,  
Тентек суды қоясың сарқа ішіп.

Өзінді өзің басында зорлап ішіп,  
Кеттің, інім, жаман бір жолға түсіп.  
Жас өмірің қор болып былғанады-ау,  
Бір күндері құтылmas торға түсіп!

## *Маудай Сақтағанұлы*

Саған қарап жан-жарың жаутандайды,  
Жалыққан, енді ештеңе айта алмайды.  
Арақ сасып, ісінген бет жүзінен,  
Кішкенеде қысылу байқалмайды.

Мас болып тірлік етпей отырғасын,  
Жылай берер жан жарың шошынғасын.  
Үміт үзбей келеді «түзелер»-деп,  
Жас кезде сүйіп сені қосылғасын.

Үстінде киімі жоқ тозып кеткен,  
Балаларың тамақ та жоқ азып кеткен.  
Қарғайды қу тағдырды күнде әйелің,  
Кездерінде жыны ойнап қозып кеткен.

Бетің қандай бұрында көркем еді,  
Сыйқынан қазір бәрі жеркенеді.  
Жер басып адам болып жүргеніңше,  
Оданша көзге түспей өлсен еді.

Жетер інім, өлгенше ішкеніңді,  
Теріс жолға, қой енді, тұскеніңді.  
Тұніменен ұйқтамай арпалысып,  
Сықырлатып шығасың тістеріңді.

Арақпенен ойнама болар, інім,  
Болмайтұғын тірлікті доғар, інім.  
Желкілдеген балауса көктем ғұмыр,  
Раушан гүлдей күздегі солар, інім.

Тоқтамасаң бойынан әлің кетер,  
Езіліп қара су боп бауыр кетер.  
Адасқан, аяулы інім, ақылға кел,  
Қара жерге әйтпесе жаның кетер!

Атырау қаласының мемлекеттік мәдениет мұражайы

## **Ақырзаман**

Әділдік жоқ мынау қын заманда,  
Қауіп төнді кейбір жақсы адамға.  
Қиқаңдасаң қабырғанды қаусатар,  
Жан тәсілім қыларсың сен табанда!

Дүлей күшке қарсы шығып кім тұрар,  
Ондай жандар көп ұзамай құртылар.  
Азып-тозып адал жандар арықтар,  
Сұр заманда арамзалар құтыра.

Қарапайым қара қазақ сорлайды,  
Күші көптер әлсіздерді зорлайды.  
Қай істің де жарылатын шегі бар,  
Әділеттік орнатпасақ болмайды!

Әттең, шіркін, іш қазандай қайнаған,  
Ыңза буып, көзің оттай жайнаған.  
Қарсы шығып қимылдауға қайран жоқ,  
Дүлей күшке әлі жетер бар ма адам?!

Кесіледі мылқауланып тіліміз,  
Құрта берсек бірімізді біріміз.  
Еркіндігі әр адамның болмаса,  
Не болады алғы мынау күніміз?!

Орман-көлді жасыл ғалам тоналып,  
Көзімізден жас кетпес-ау, сор ағып.  
Бүйте берсек ақырзаман туар-ау,  
Жер бетінен бар тіршілік жоғалып!!!

## **Әдепті әйел, қылышты қыз азайды**

Бұл заманның әйелдері бұзылған,  
Жігітерге өздері кеп ұрынған.  
Ұяты бар, жүрегі бар, ары бар,  
Ару қайда сыпайы бір сзыылған?!

Өсірмейді тарап қыздар бұрымын,  
Ұмтылмайды өсіруге білімін.  
Толып кетті пайдақұмар әйелдер,  
Салатұғын бастықтарға құрығын.

Кей әйелдер ұмытып жүр әдепті,  
Балаларын әкесіне жау етті.  
Жанұяның шырқын бұзып ұрыспен,  
Қүйеуіне күнде салған әлекті.

Бұрынғы кез әйел арақ ішпейтін,  
Үй жұмысын жанын салып істейтін.  
Көбейіп тұр мода құған әйелдер,  
Балаларын бағып-қағып күтпейтін.

Кей әйелдер еркіндікті қалапты,  
Бала тумас «азайтам»-деп азапты.  
Егер ана дамытпаса үрпақты,  
Қалай мынау көбейтеміз қазақты?!!

*Азай үндеу міндеттес*

## *Паудай Сақтағанұлы*

Бір әйелдер бүркүратып өсекті,  
Бірін-бірі әжуалап кекетті.  
Кей әйелдер балаларын тастаған,  
Сан жаңғыртып қайта-қайта төсекті.

Үйленіп ап айрылыса салады,  
Қиналмастан алиментін алады.  
Жынойнақпен айналысып тұн бойы,  
Кейбір қыздар сауық-сайран салады.

Кәсіп етіп кейбір қыздар сексті,  
Тұніменен арақ ішіп, бет істі.  
Өз өмірін өксүменен өткізіп,  
Мен білмедім, бұлар неге жетісті?!

Қазақ салтын, әдеп-ғұрпын ұмытты,  
Іstemейді тындырып та жұмысты.  
Қыз Жібектей жібек мінез, сыпайы,  
Қыздар қайда инабатты, қылышты?!

Қыздар қайда арын таза сақтаған,  
Аяғымен лас жерді баспаған?!  
Қыздар қайда ер адамның алдында,  
Жарқыратып кеуде-санын ашпаған?!

Қиналғанда өз қасынан табылған,  
Әрқашанда тек өзінді сағынған.  
Қындықта тастап кетпес, сенімді,  
Қайда кеткен жібек мінез нәзік жан?!

## *Паудай Сақтағанұлы*

Жүргінде әр жігіттің аз ба арман,  
Бақытты ғой қыз кезіксе назданған.  
Жүргінді ғашық етіп өртейтін,  
Неге бүгін жақсы қыздар аз қалған?!

«Жаңа қазақ»-«жаңа жігіт, жаңа қыз»,  
Өсті ме екен бұдан біздің санамыз?  
Ана болар қыздарымыз бұзылған,  
Неге айналып осы біздер барамыз?!

Ғашық болып жыр шығарып, ән қылар,  
Қайда арулар айдай көркі таң қылар?  
Қайда кеткен Ләйлі-Мәжнүн секілді  
Асыл ару сүйгені үшін жан қияр?!

Абыройды аяқасты төгетін,  
Кей қыздарға қалай жар боп сенесің?!  
Бұл қыздардан не күтеміз, халқым-ау,  
Арақ ішіп, темекі де шегетін!!!

Ақылымен таң қалдырар талайды,  
Қыздар қайда жайдары жүз, арайлы?!

Жаһандану жынойнақты жандырып,  
Әдепті әйел, қылықты қыз азайды.

Арсыз болып, ұмыттық қой ұятты,  
Бұл бір жағдай жүргімді жылатты.  
Жаһандану жұтып жатыр барлығын,  
Жеті басты айдаһарлар сияқты...

Анық ұғының әңгімелі мәдениеті

## **Балауса арман**

Мені күтіп шақырғандай ұлы істер,  
Тыншытпайды ақ қанатты үміттер.  
Жаспын әлі, тындырғам жоқ ештеңе,  
Мандайымнан тәгілген жоқ күміс тер.

Келешекке сағынышпен өрлеген,  
Жас шыбықпын әлі жеміс бермеген.  
Білемін мен, білемін мен бақыттың,  
Келетінін адал, азы терменен.

Қалай ғана көлеңкеде жан бағам,  
Күнбағыспын күн нұрына қанбаған.  
Қара бұлтпын сел қылатын бір жауса,  
Бірақ әлі бір тамшы да тамбаған.

Жас тұлпармын жарысатын желменен,  
Алғы күннен күт бәйгені, ел, менен!  
Бір гүлімін туған жердің балауса,  
Бүршік жарсам ой-қырыңа өң берем.

Аппақ шыңын ұшындағы қарымын,  
Еріткен жоқ күші жетіп әлі күн.  
Мен оқтаулы атылмаған мылтықпын,  
Тарс етемін естілсе тек залым үн.

Бөгеп жүрген жолды кесіп қиқар тұн,  
Туған жерге әлі атпаған бір таңмын.  
Жарқ етемін асқақ үнмен бір күні,  
Кезім жетпей атылмаған вулканмын.

Кедергіні қоймайтұғын құлатпай,  
Биік таудан сарқыраған бұлақтай.  
Бір тылсым күш итермелеп биікке,  
Жұлқылайды жүрегімді шыдатпай.

Жаспын әлі, ой-қиялым балауса,  
Қос жанарым жалындайды алауша.  
Қалай жүрем қанатымды қомдамай,  
Ес-дертімнің бір ерлікке бәрі ауса.

Бұл өмірмен бәрібір мен ұғысам,  
Болмайтынды болдыруға тырысам.  
Туған жерде жүре алмаймын жәй басып,  
Мен әйтеуір сұңқар болып бір ұшам!!!

